

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

LITERARY STUDIES AND FOLKLORISTICS

MFTAP 17.01.39

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss1pp157-166](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp157-166)

А.Б. Ерсайнова¹, Ж.С. Таласпаева², Ж.Т. Қошанова²

¹Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

²М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, 150011, Қазақстан Республикасы

С. МҰҚАНОВ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ ЖАЙЛЫ

Академик-жазушы Сәбит Мұқанов Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев туралы ірі-ірі монографиялық еңбектер жазды. Ал, Ыбырай Алтынсарин туралы арнайы еңбек жазбаса да, ұлы ағартушы шығармашылығы, қазақ мәдениеті тарихындағы орны туралы «Жарқын жұлдыздар» (1964) атты еңбегінде өз пайымдауларын жеткілікті білдірді деп санаймыз. Автор Ыбырай, Шоқан, Абай үшеуі – тұтасқанда қазақтың XIX ғасырдағы озық идеялы ой-пікірін тұтас жүйе ретінде қарастырады. Мұндай соны көзқарас оның әйгілі «Қара тақтаға жазылып қалмаңдар, шешендер!» атты мақаласында алғаш қылаң берді.

Автор Ыбырай мен Абайдың шығармашылығынан үндестік байқаған тұңғыш зерттеуші ретінде көрінді. Мақалада Сәбит Мұқановтың мемориалдық музей-үйінің қорында жазушының Қ.Т. Жұмағұловтың «Ыбырай Алтынсарин шығармалары» атты кандидаттық диссертациясына араб харпімен жазылған оппоненттік пікірі талданды. Сәбит Мұқанов Ыбырай Алтынсариннің шығармаларына берген бағасы зерделенді. Сонымен қатар Ыбырай Алтынсарин туралы айтқан ғалымдардың сүбелі ой-пікірлері топтастырылды.

Мақаланы жазу барысында дәстүрлі ғылыми талдау мен жинақтау, хронологиялық, кешенді, жеке талдау әдістері негізге алынды.

Мақаланы жоғары оқу орындарында «XIX ғасыр қазақ әдебиеті», «Ыбырайтану», «Абайтану», «Әдебиет сыны» пәндері бойынша дәрістер мен практикалық сабақтарға дайындық кезінде қосымша оқу материалы ретінде пайдалануға болады.

Кілт сөздер: кеңес әдебиеті, таптық көзқарас, тұңғыш зерттеуші, қазақ мәдениеті тарихы, хат, ұлт ұстазы, ұлы ағартушы, ұлттық әдебиет.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қамбат» атты бағдарламалық мақаласында: «Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Сонымен бірге, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет» [1, 3], – деп атап өтті. Осыған орай елімізде 2022 жылы халқымыздың аса көрнекті ағартушысы, жазушы, этнограф, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығы тойланған болатын.

Тәуелсіздікке ұмтылыс жан алып, жан беретін күреспен қатар, рухани өміріне ерекше әсер еткен ағартушылардың отарлау саясатына қарсы идеялық күресімен де ерекшеленеді. Солардың ең ірі өкілдерінің бірі, ұлы ағартушысы – Ыбырай Алтынсарин. Ұлы ағартушының ұлтын сүюі, оны оқу-білімге шақырып, қамқор болуы – әрбір жаңа ұрпақ қайта танып отыруға тиіс, ұмытылмайтын ғибрат. Ы. Алтынсарин – қазақ даласында ғылыми педагогиканың негізін қалады, ағарту ісін бұқаралық сипатта ұйымдастырушы, тұңғыш рет батыстық үлгідегі пәндік білім беретін мектептер ашқан, кирилл жазбасы негізінде қазақша оқулық және әдеби шығарма жазған ғалым.

Ы. Алтынсариннің шығармашылығы туралы пікір білдірген М. Әуезов, Т. Тәжібаев, Ә. Қоңыратбаев, Ә. Дербісалин т.б. зерттеушілермен қатар С. Мұқановтың есімін атау лайықты. Мақалада С. Мұқановтың осы тақырыптағы пайымдауларына тоқталамыз.

Тұлға кез келген зерттеушінің еңбегі үшін зерттеу объекті болып табылады. С. Мұқанов ғылыми еңбектерінде «тұлға концепциясын» арқау еткен. Бүгінде С. Мұқановтың Ы. Алтынсарин жайлы пайымдауларын, ұлы дала ұстазына берген бағасын топшылау, қазақ мәдениеті тарихында алатын орнын анықтау аса маңызды.

КІРІСПЕ

Бүгінгі күнде Ыбырай Алтынсарин жайлы толғамды ой айтып, көлемді мақала жазып жүрген филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов «Ұлттың ұлы ұстазы» атты мақаласында: «Ыбырай Алтынсарин – ұлт патриоты, тәлімгер – санаткері, халық қызметшісі. Ұлы даланың шартарабында саңқылдап естілген ұлттың ұранындай, келешектің тұлғасын өнер-білімге ынтызар еткен рухтың жанартауындай, таудың таза кәусарындай «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» дейтін классикалық жырлары – ұлттық сана, тіл, мәдениет тарихындағы баға жетпес байлық еді» [2, 11], – деп салмақты сөзін сабақтады. Расында да, Ы.Алтынсарин үлгі-өнеге боларлық, тәлім-тәрбие аларлық, рухани нәр боларлық бай мұра қалдырды.

С. Мұқанов қазақ ағартушы-демократтары туралы ерте пікір білдірген ғалым. Оған мысал: Шоқан, Ыбырай, Абай жайлы ең алғаш 1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің 69-санында басылған «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер!» атты мақаласы. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің табиғатын жете түсінбеген жас талапкер тұрпайы социологияға ұрынып, қателікке ұрынғанын өзінің «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кітабында мойындады. Тап айтқанда: «...Шоқан, Ыбырай Алтынсарин, Абайға... қарсы болып, оларды халыққа жат адамдар деп жаздым» [3, 10], – дейді. Бұған себеп болған бірнеше объективті және субъективті жағдайлар болғанын, субъективті себебін автор сөзімен дәйектесек: «Ол кезде мен саяси шала сауатты едім, ғылымға шалағай едім, менің ол кездегі саяси білімім де, жалпы білім де бастауыш көлемде ғана еді» [3, 10]. Зерттеушінің шығармашылығында кейінгі жылдарда да сол тапшыл көзқарас желеуімен артық-кем кеткен тұстары да аз болмағанын байқаймыз. Тәуелсіздік заман тұрғысынан пайымдайтын болсақ, кеңес дәуіріндегі сынның бағыты және сипаты социалистік идеология мен мүддеге қызмет еткен құбылыс болғаны анық.

Ғылыми ойлар әр кездегі ізденіс-топшылауларға байланысты өзгеріп отырғаны жөн, ал жазғандарына қайта оралып отыру, ойларын дамытып отыру, бірде сәтті, бірде шалыс басқан қадамдарын түзетіп отыру кемшілік емес. Бұл ретте С. Мұқанов менменсіп, айтқанынан қайтпай, өркөкіректенген жоқ, қайта мүлт кеткен жерін мойындап, ағынан жарылады. Оның да екінші бірінің қолынан келе бермейтін батылдық екендігі рас.

Қазіргі уақытта Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы жайлы шетелдік және отандық ғалымдарымыз да зерттеу жұмыстарын жазуда. Мәселен, Ресей ғалымы Бережнова Елена Викторовнаның «Хороший наставник: грани профессиональной подготовки» [4], деп аталатын мақаласында Ы. Алтынсариннің оқу-ағартушылық мәселелерінің бүгінгі оқу жүйесінде жүзеге асуына назар аударады. Ал отандық әдебиеттанушы Л. Ноғайбекқызының «Абайдың саяси-әлеуметтік лирикасының түрік тіліне

аударылуы және интерпретациясы» атты мақаласында: «Абай поэзиясынан дәуір шындығын, оның дәуіріндегі қазақ халқының әлеуметтік өмірін анық аңғарамыз. Ақын өз өлеңдерінде қоғамдағы келеңсіз жайттарды сынап, әділдікті, адамгершілікті суреттейді. Абай өлеңдеріндегі көтерілген мәселелер тек қазақ халқының ғана емес, басқа халықтардың өмірінде де кездеседі» [5], – деп атап көрсетті. Осыдан Шоқан, Ыбырай, Абайдың шығармашылық мұралары қазіргі таңда да өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ екендігіне көзіміз жетіп отыр.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

С. Мұқановтың Ыбырай Алтынсариннің қазақ мәдениеті тарихындағы орны туралы жазған еңбектері, зерттеу талдау мен жинақтау, хронологиялық, кешенді, жеке талдау әдістері негізге алынды. Академик-жазушының «Жарқын жұлдыздар» (1964), монографиялық еңбектері, Қ. Ергөбектің «Келбет» атты еңбектерін басшылыққа алдық. Сонымен қатар жазушының мемориалдық музей-үйінің қорында табылған құжат пайдаланылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қамбат» атты бағдарламалық мақаласы негізге алынды. Ыбырай Алтынсарин туралы айтқан ғалымдардың сүбелі ой-пікірлері топтастырылды. Жазушының Ыбырай Алтынсариннің шығармаларына берген бағасы талданып, зерделенді. Сондай-ақ, Ы. Алтынсариннің хаттары қарастырылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Сәбит Мұқанов «Жарқын жұлдыздар» (1964) атты монографиялық еңбегінде қазақтың алғашқы демократтары мен ағартушыларының өмірі және қоғамдық қызметтері жайлы сөз қозғайды. Шоқан мен Абайдың өмірі мен қызметіне неғұрлым толығырақ тоқталса, Ыбырай Алтынсарин туралы ондай зерттеу жасауға қол тигізе алмағандығын жазады. «Жарқын жұлдыздар» еңбегінің кіріспесінде Ыбырай Алтынсарин жайлы мынадай маңызды пікір білдіреді: «Ыбырай, Шоқан, Абай үшеуі – тұтасқанда қазақтың ХІХ ғасырдағы озық идеясын ХХ ғасырдағы революциялық идеясына жалғастырып тұрған үзілмес шынжыр» [6, 4], – деп бағалайды. Сондай-ақ «Шоқан екі мақсатына жете алмай кетті: Бірі – жазушы болу, екіншісі – қазақ арасында орыс мектептерін ашу. Осы екі мақсаттың біреуін аз түрінде, біреуін мол түрінде, қоғамдық майданға Шоқанның із-өкшесін баса шыққан Ыбырай Алтынсарин іске асырды» [6, 5], – дейді. С.Мұқанов Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсариннің бірін-бірі білуі мен білмеуі туралы біздің қолымызда әзірге ешбір құжат жоқ екендігін мәлімдейді. Дегенмен, олар бір-бірін болжамдап жазады. «Олай дейтініміз: Орынборлық шекара комиссиясының председателі болып қызмет істеген В.В. Григорьев сол кезде Орынборда орыс мектебінде оқыған Ыбырай Алтынсаринмен таныс болған және оның қамқоршысының (попечитель) бірі болған. Осы В.В. Григорьев Петербургқа барып жүрген шақтарында Шоқанмен таныс, дос болған, кейін Шоқанның 1904 жылы орыс тілінде Петербургта басылатын шығармалар жинағын құрастырған және алғы сөз жазған Н.И. Веселовскийдің «Шоқанның қазақ ертегілерін және «Едіге» жырын жазған бірнеше дәптері В.В. Григорьевтен табылды» [6, 5], – деуі содан. Осы В.В. Григорьев арқылы болса да, Шоқан мен Ыбырайдың бірін-бірі білмеуі мүмкін еместігін; 1861 жылдан бастап Россияның Географиялық қоғамының «Хабарларында» басыла бастаған Шоқан еңбектерін Ыбырайдың оқымауы да мүмкін емес екендігін және себебін Шоқан сияқты Ыбырайдың өзі де этнография мәселесімен шұғылданған адам [6, 5], – ғой деп жазады.

С. Мұқанов өзінің «Жарық жұлдыз» (Абай Құнанбаевтың шығармашылығы туралы) еңбегінің «Абайдың әдебиетке көзқарасы және ақындық шеберлігі» атты тарауында «Қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын ауыз әдебиетінің стилінен өзгеше жолмен, еуропалық стильмен өлең жазуға талаптанған Ыбырай Алтынсарин» [7, 169], – деп өз бағасын беріп, Абай мен Ыбырайдың шығармашылық хақында және үндестігі жайлы да тұңғыш пікір білдіріп, осы екі қайраткердің шығармашылық үндестіктерін былайша топтастырады:

Ең біріншіден, ағартушы-демократтығы; Екіншіден, өлеңдері идеялық жағынан ұқсас; Үшіншіден, Абай «оқындар!» десе, Ыбырай «оқындардың» үстіне сол оқуға қызықтыруды және оның әдісін таба білген; Төртіншіден, ақындық шеберлікке келгенде, Ыбырайдың Абаймен маңайласып қалатын саласы – табиғат лирикасы, әсіресе табиғатқа жан бітіре, ақыл иесі – Адам ретінде кейіптеуі. Бесіншіден, тарихи персонажды кейіпкер ете отырып, шығарған шығармалары «Өсиет», «Ескендір» (Екеуі де Македонский туралы).

С. Мұқанов табиғатты суреттеген Абайдың «Жазғытұры» мен Ыбырайдың «Жаз» деген өлеңдерін салыстырады. Екеуінің де қазақ ауылына келген көктемді сипаттауын тарата отырып, олардан тақырыптық қана емес, көркемдік ұқсастық табады. Филология ғылымдарының кандидаты, М. Жармұхамедовте: «...Ұқсас сарында сипатталатыны бар, алайда бұл, әрине, бірінің шығармасын бірі білгендіктен емес, қайта көшпенді өмірдің қайталанатын көріністерінен туған үндестік, бірлік» [7, 14], – деп екі ақынның жоғарыдағы өлеңдерінің үндестігін көрсеткен. Мұнымен қатар С.Мұқанов Ыбырай мен Абайдың Ескендір туралы жазған шығармаларын салыстырады. Шығармаларының оқиғалары басқа болғанымен, материалы, идеялары бір екендігін айтады. Бұл екі шығарманың идеялық бірлігі екі ақынның қоғамдық ой-пікірлерінің жақындығын аңғартады. Осылайша зерттеушінің Ыбырай мен Абайдың шығармаларындағы үндестікті, сабақтастықты, тамырластықты тауып көрсетуі, сөз жоқ, атап өтуге тұрарлық байқампаздық дейміз.

М. Әуезов «Ыбырай Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері» мақаласында: «Абай Ыбырайды жақсы білген. Кейін Абайдың өзі қадірлегендіктен, Абайдың қолжазбаларының ішіне Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларынан жасалған аудармалар қоса кірумен бірге, Ыбырай өлеңдері үнемі бірге көшіріліп жазылып жүруші еді. Абайдың өзінің тапсыруы бойынша солай болса керек. Бұл тегін емес. Бұқар, Дулат, Шортанбай Абайдың қолжазбаларына жалғыз ауыз өлеңмен тұмсық сұғып кірмегенде, Ыбырайдың әрқашан Абай атымен бірге жазылып, жатталып, таратып жүруі бұл екеуінің үні бір, үміті бір, арман-бағыты және болашақ тағдыры бір ақын екендіктерін танытушы еді [8, 21 б.], – деген мәліметтер береді. С. Мұқановтың пікірінше де Абай Ы.Алтынсаринді де біледі деген ой келеді, өйткені, Абай интернатта оқып жүрген қазақ балалары туралы өлеңдер жазғандығын және Алтынсарин системасындағы мектеп Абай тұсында Семейде де ашылған, онда Алтынсариннің оқулықтары қолданылған. Ендеше интернатты білетін Абай, Алтынсаринді қалай білмейді деп пайымдайды. Бірақ, Ыбырайдың Абайды білгендігі «туралы біздің қолда ешбір документ те, мәлімет те жоқ» деп ағынан жарылады. Бұл зерттеушінің ғылыми ақатқа берік ұстанымын көрсететін мысал.

Автордың пайымдауынша, Ыбырайдың 1879 жылы шыққан «Хрестоматиясын» Абай оқыған сияқты және оқып қана қоймай, кейбір үлгілерін алған сияқты. «Жарқын жұлдыздар» еңбегінің кіріспе соңында: «Бірін-бірі білсін-білмесін, Шоқан, Ыбырай, Абай – орыс оқуының дүкенінде соғылған бір берік шынжырдың біріне-бірі жалғасқан, бірін-бірі ұзартатын үш сақинасы [6, 8]. Шоқан бастап бітіре алмаған бір идеяны (орыс оқуын қазақ арасына таратуды-XX) Алтынсарин толығымен іске асырды, Алтынсарин бастап бітіре алмаған идеяны (қазақтың европалық мағынадағы жазба әдебиетін жасауды) Абай іске асырды деп түйіндейді.

Келтірілген жоғарыдағы пікірлерден қазақ халқының мәдениетінің қалыптасуының таратушысы Ы. Алтынсарин болғандығын анық көреміз.

ТАЛҚЫЛАУ

Әдебиеттанушы профессор Қ.Ергөбек С. Мұқановтың күнделіктерін тікелей зерттеген ғалым. Жазушы шеберханасын күнделігі арқылы зерттеп, бақылаған. Ғалымның «Келбет» атты еңбегінде жазушының күнделігінен Ы.Алтынсаринге қатысты мысалдар келірілген. Мәселен, Воспоминание об И.А.Алтынсарине, Н.Ильминского. Казань, 1891 г. (скончался 17-VII-1889). Архив деректерінде осындай деректеріне мұқият назар аударсақ:

1. Интерес Ильминского/ приехавшего в Оренбург 1859-году/ к каз.языку.
2. В киргизской школе преобладал татарский язык.

3. Порядка Дынкова: запретил ... бритья головы, прекратил Ораза.

4. С Алтынсариним встретился в 1859 году. У Григорьева (профессор), председателя пограничной комиссии.

5. Алтынсарин любил читать книги, переписывал незнакомые слова.

6. Он перевел на чистом каз. языке.

7. Оразада пельмен жеп (қызық).

8. Желание Алтынсарина ехать в Петербург.

9. 1860 году открытие 4-х школ (Тургай, Иргиз, Троицк, Оренбург) Алтынсарин назначен учителем [9, 75-79]. Қ. Ергөбек: «...жазушы не себепті конспектіледі екен» деп сұрақ төңірегінде толғанады. Автор одан әрі тағы бір мәселеге тоқталады: «Осы кітап конспектісіне жалғас «Орталық Мемлекеттік архив/ Ленинград /» аталатын архивтен «Алтынсарин жайындағы материалдар» деп атап, бірсыпыра тарихи дерек, карта, ағартушыларға төленетін жалақы мөлшері секілді мәліметтер көшіріліп алыныпты. №164484 қор бойынша, №42271, №42271, №169739 қор бойынша №4467 карталар көрсетіліпті. Нендей карта екені белгісіз» [9, 77]. Қ.Ергөбектің пайымдауынша қазақ даласын игеру, қазақ халқын отарлау саясаты карталары болу керек.

С.Мұқановтың кездейсоқ оқиғадан «Шығарма жазса қайтер еді?» деп қызығып, зерттей келе бас тартқан сәттері көп. Мәскеу архивінен Кенесары жөнінде бай материалға кездесіп, қызыға тұра жазбай кеткені бұған мысал. Әйтпесе, «Жарқын жұлдыздар» - Абай, Шоқан, Ыбырай сынды үш алыпқа арналған кітап болатын. Ыбырайға арналған тарау жазылмай қалды. Жиналған материалдары жазушы архивінде сақтаулы [9, 98]. Ал Т.Кәкішұлы С.Мұқановтың Ыбырай Алтынсарин жөніндегі ойын баспа бетіне шығара алмағаны өзіне аян екендігін мәлімдейді. Өйткені, 1963 жылы «Жарқын жұлдыздарды» маған редакциялатқан тұста Ыбырай творчествосын зерттеп, алғашқы беттерін жаза да бастаған-ды, бірақ баспа жоспарында тұрған дүниені кешеуілдетуге болмайтын «заң» бойынша Шоқан мен Абай жөніндегі зерттеулерін ғана өндіріске ұсынғанына куә екендігін де жазып өтеді. Ғалым «Ыбырай алдындағы күнәмді тағы бірде өтермін» дегені әлі күнге дейін құлағымда» деп жазады [3, 261]. Жоғарыдағы Т. Кәкішұлының, Қ. Ергөбектің пікірлерінен, келтірілген мәліметтерден академик-жазушы С.Мұқановтың ұлы ағартушы өмірінен және шығармашылығы хақында үлкен шығарма жазбақ ойы болғандығын анық аңғаруымызға болады. Қалай болғанда да жазушының Ыбырай туралы ауқымды еңбек жазуға іштей даяр болғандығын, ол үшін әлі де біраз мәселелерді зерттей түсу керек екендігін мойындағандығының куәсі болып отырмыз. Сәбит Мұқановтың тарихи шежірелігі оның басқалардан бөлектеп тұратын ерекшелігі деп айтар едік. Ыбырайға байланысты айтылған ойлары арқылы қазақ оқырманын өзінің тарихына тереңірек үңілдіре түсуі, қызықтыра баяндауы назар аудартады. Әсіресе Абай, Ыбырай, Шоқан сияқты ұлы тұлғаларымыздың өзара үндестігі мен бір-бірімен немесе шығармашылықтарымен таныс болу мүмкіндіктері туралы топшылаулары шындыққа жанасады. Жазушының ойларының ұшығына жету үшін, дәлелді деректерді іздестіре түсу үшін Ыбырайдың баспа беттерінде сол кезде жариялаған мақалаларын тауып, қазақ елін қайтсем сауатты, мәдениетті елдердің қатарына қосуға пайдамды тигізсем деген мақсатпен атқарған қоғамдық қызметін зерттей түсуге құлшынысымыз артып отыр.

«Жарық жұлдыздар» монографиясы Абай мен Шоқан сынды екі тұлғаға арналар еді ғой. Бәлкім, әуел баста XIX ғасырдың үш алыбын қатар зерттеп, ұштаған еңбек жасағысы келді ме? Әйтеуір осындай бір ізденіс сілемдерін жазушы күнделігінен аңғарамыз [9, 77].

Қ.Ергөбек тіпті, Ы.Алтынсариннің Ильминскийге жазған хаттарын тұтасқа жуық көшіріп алынғандығын мәлімдейді. Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметін айқындай түсетін, оның ғұмырлық мақсатын білдіретін бір сала – оның әр жылдарда әр қилы билік сатысындағы орыстармен жазысқан хаттары [10, 251]. Н.И. Ильминскийдің құрастыруымен жарық көрген «Воспоминания об И.А.Алтынсарине» (1891) атты еңбекте Ыбырай Алтынсариннің 1860-1889 жылдар аралығындағы хаттары жарияланған [11]. Ы. Алтынсариннің білім, бала тәрбиесі мәселелері хаттарында жатыр. Оны Н.И. Ильминскийге жазған хатынан көруімізге болады.

Ыбырай Алтынсарин 1864 жылдың 16 наурызда Н.И. Ильминскийге хат жазады: «Биыл, 8 қаңтарда, - деп бастайды Ыбырай хатын, - көптеген арман еткен мектебім ашылды, оған қазақтың ақылды, тамаша 14 баласы оқуға түсті. Ол балаларды оқытуға мен қойға ұмтылған аш қасқырдың ынтасымен кірістім, сонда қайран қалған нәрсем – айналасы үш айдың ішінде, балалардың орысша және татарша сауатты меңгеріп кетулері ... мен жан-тәніммен, қайткенде де халқыма пайдалы адам болуға тырысатын ем. Енді ол ойыма жеттім, жаным жай тапты!...» [12, 273-274]. Ыбырай Алтынсарин осы хаты арқылы өскелең балалардың білімдерін шыңдап, сауатты болуға үйретудің маңыздылығын білдіруде. Осыдан Ы.Алтынсариннің еліне қалтықсыз, беріле қызмет етуден басқа мақсатының болмағанын байқаймыз. Бүгінгі уақытқа дейін қазақ халқының әсіресе, бала тәрбиесіндегі, мәдени-ағарту саласындағы өзекті мәселелерді қозғаған кезде Ыбырай Алтынсариннің еңбектері назарсыз қалмайтыны рас. Өйткені қай уақытта болмасын бала тәрбиесі мен жас ұрпақты тәрбиелеу – күн тәртібінен түспеген үлкен мәселелердің бірі.

С.Мұқанов демократ-ағартушы Ы. Алтынсариннің мұраларына жоғары баға береді. Ыбырай Алтынсариннің мұраларын ұлттық әдебиет үшін, қазақ халқы үшін мәні зор болғанын былайша тұжырымдаған: «Қазақтың шын мағынасындағы ұлттық жазба әдебиетін бастау – Ыбырай Алтынсариннің маңдайына жазылған бақыт. Оның «Жаз басы», «Балғожа бидің – баласына жазған хаты», «Жаз», «Өзен», «Өнер-білім бар жұрттар», «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңдері – қазақ поэзиясының европалық поэзия үлгісіне алғаш түсе бастауын көрсететін шығармалар. Қазақ әдебиетінің прозалық жанрына да жаңалық кіргізіп, жазба прозаның алғашқы ізін салды» [6, 5]. Ыбырай Алтынсариннің осы еңбектерін бағалап, С. Мұқанов мына екі нәрсені ескертеді: «бірінші – поэзия және проза жанрында қазақтың жазба мәдениетін бастап берген Ыбырай, бұл мәселеде алдына тар көлемді бір ғана мәселе қойды. Ол – жалпы жазушы болу емес, мектеп балаларына арналған жазушы ғана болу, яғни жазғандарының бәрін тек мектеп балаларының оқулық құралы есебінде ғана ұсыну, сондықтан жазған шығармаларының тақырыбы да шағын және поэтикалық өресі мектеп балаларының тілегінен жоғары шықпайды, бұндай шығармаларының саны аз болуы да осыдан; екінші – мектеп балаларына арналған, Алтынсариннің оқулығына (хрестоматия) кірген көркем шығармалардың біразы қазақ фольклорынан алынған, біразы орыс тілінен аударылып алынған. Осындай фольклорлық немесе аударма шығармалар мен Алтынсариннің өз ойынан туған шығармалардың арасын жіктеп алу қиын. Оның әдебиетшілігі туралы пікір айтып жүрген адамдардың ешқайсысы әзірше бұл мәселені шегіне жете талдап үлгерген жоқ. Мысалы, Алтынсариннің оқулығына кірген «Ей, достарым» немесе «Ей, жігіттер» деген жырларды оның өзінің я фольклордікі деп кесіп айту қиын. Бұл – зерттеумен ғана шешілетін нәрсе» [6, 7]. С.Мұқановтың бұл пікірінен Ы. Алтынсариннің шығармаларын терең зерттеген ғалым болмағандығын аңғартып, «Алтынсариннің шығармаларын түгел оқыған адамның бірі бола тұра, ол шығармаларды ғылыми жағынан анықтап болмаған адамның біреуі өзіммін. Ол туралы бұл еңбекте ұзақ жазбау себебім де содан. Ғылыми жағынан зерттеп болмаған өмірі, ісі, әсіресе әдебиетшілігі туралы пікір айту жеңіл ақылдылық болар еді» [6, 7], – дейді. Зерттеушінің бұл пікірінен жазатын еңбегіне жеңіл қарамай, шын білімдарлық және шынайылық танытатындығын айқын аңғарамыз.

Архив қазынасынан Сәбит Мұқановтың Қ.Т. Жұмағұловтың «Ыбырай Алтынсарин шығармалары» атты кандидаттық диссертациясына араб харпімен 1960 жылдың 4 ақпанда жазылған 4 беттен тұратын оппоненттік пікірін таптық [13, 1]. С.Мұқановтың мемориалдық музей-үйінің директоры Ә.Қайырбеков араб харпінен (төте жазу) аударып жазған. Енді сол оппоненттік пікірге зер салсақ: Қазақ халқының ұлттық мәдениетінің тарихында әсіресе қазақ арасына орыс білімін таратуда Ыбырай Алтынсариннің орны ерекше екендігі бізге мәлім. Бұл жөнінде жазылған көптеген мақалалардың ішінде Әміржан Сыдықовтың «Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары» атты мақаласы. Еңбектің мазмұны атына сай: Ә. Сыдықовтың талдайтыны – Алтынсариннің қазақ балаларына европалық білім беру жөнінде енгізген еңбегі.

Ы. Алтынсариннің ағартушылық қызметінің басында қазақ жазба әдебиетін алғаш жасаушылардың бірі болғандық рөлі тұрады. Алтынсарин таза қазақ тілінде және европалық түрде шығарма жазуды, әсіресе, прозалық шығарма жазуды Абай Құнанбаевтан да бұрын бастаған. Ендеше, оны европалық стильде қазақ жазба әдебиетінің алғашқы кірпішін қалаушы дей аламыз. Алтынсаринның бұл еңбегі туралы да тиіп қашты жазылған бірталай мақалалар бар, солардың ішінде, бүгінге шейінгі ең күрделісі – Дербісалиннің «Ыбырай Алтынсарин» атты кітапшасы. Кітапшада Алтынсариннің әдебиеттік қызметі қысқаша түрде, дұрыс сипатталған еді. Толық талдау берілмейді. Осы олқылықты, бүгін қорғап отырған кандидаттық диссертациясында Қ.Т.Жұмағұлов толықтырады.

Қ.Т. Жұмағұловтың диссертациясы: Кіріспе, Ыбырай Алтынсарин туралы әдебиетті сын көзімен талдау, Ы.Алтынсариннің өмірі мен қызметі, Алтынсариннің шығармалары, қорытынды аталып, бес тарауға бөлінеді. 180 беттік осы бес тараудың 104 беті Ыбырай Алтынсариннің көркем шығармаларын талдауға арналған. Бұрын көрінетін нәрсе: диссертацияның мазмұны атына сәйкес екендігі; яғни, диссертанттың бұл еңбегінде, Ы. Алтынсаринның көркем шығармаларына ерекше көңіл бөліп, шұқшия талдауы.

Осылай талдаудың арқасында зерттеуші Ы. Алтынсарин шығармаларының төмендегідей сырларын кең және дәлелді түрде ашып береді. Еңбектің жеті түрлі нәтижесіне тоқталады. Осы құжатта С.Мұқановтың Ы. Алтынсарин шығармашылығына жанашырлық көзқараста болады. Ғалымның еңбегіне терең талдау жасаумен қатар, ұлы ағартушының шығармашылығы хақында өзінің нақты пайымдауларын да білдіріп отырған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қандай да бір тұлғаның жалпы елдегі мәдени және әдеби үрдіске сіңірген еңбегі мен қалдырған ізін анықтауда басты назар сол тұлғаның еңбектерінің елдің рухани, экономикалық дамуына тигізген әсері негізінен бағаланады. Сәбит Мұқановтың шығармашылығы туралы айтқанда да сол межеден бағалау өте маңызды. Қорыта айтсақ, С. Мұқановтың ғылыми еңбектері өз уақытының көкейкесті мәселелерін, Ыбырай, Шоқан, Абай әлемі мен оның айналасын өмір шындықтары тұрғысынан терең де байыпты саралайды. Ы. Алтынсариннің шығармашылығын жоғары бағалаған.

Жоғарыдағы ғалымдардың көзқарастарынан С. Мұқановтың басты ерекшелігі Ы. Алтынсариннің мәдени-ағарту саласындағы қызметін және поэзия және проза жанрында қазақтың жазба мәдениетін бастап берген тұлға екендігін бағалауында. Қаламгер Ы. Алтынсарин жайлы үлкен еңбек жазбаса да, қазақ мәдениеті тарихындағы орны туралы ерте пікір білдірген. Жазушының зерттеп-зерделеген мәселелеріне ерекше тиянақтылықпен қарап, әдеби-мәдени мұрамыздың қажеттілігіне, болашақ ғылыми еңбектердің жазылуына пайдаланғанымыз абзал. Өйткені Ыбырайдың қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосып кеткен Шоқан, Ыбырай, Абайды танып білуге айрықша еңбек еткен зерттеушілердің бірі екендігі бегілі. Ол ғылыми ой-тұжырымдар мен өмір шындығын сәтті үйлестіріп, толғамды теориялық тұжырымдар жасап, әдебиеттануға зор үлес қосқан зерттеуші. С. Мұқановтың Ы. Алтынсариннің қазақ мәдениеті тарихындағы орны туралы айтып кеткен ғылыми пікірлері қазіргі және болашақ зерттеулерге мұрындық боларына кәміл сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. // Egemen Qazaqstan: жалпыұлттық республикалық газет. – Нұр-Сұлтан. – 2021. № 2. (5 қаңтар). – 1- 4 б.
- 2 Негимов С. Ұлттың ұлы ұстазы. // Egemen Qazaqstan: жалпыұлттық республикалық газет. – Нұр-Сұлтан. – 2021. № 74 (19 сәуір). – 11 б.
- 3 Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. – Алматы: Арыс. – 2002. – 272 б.

- 4 Бережнова Е.В., Шапошникова Н.Ю. «Хороший наставник: грани профессиональной подготовки» // «Қазіргі білім беру жүйесінің заманауи контексті жағдайында Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беруі» Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті. –2021. – 726 б.
- 5 Daurenbekova L. N. , Imanberdiyeva S. K., Dautova B. D., Rainbekova G. S., Toktymanova G. M.. Translation and interpretation of Abay's political – social Lyrics into Turkic languages // Orción, Año 36, Especial. – 2020. No.26. URL.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6503884049 (қаралды: 03.03.23).
- 6 Мұқанов С. Жарқын жұлдыздар. – Алматы: Мектеп. – 1964. – 352 б.
- 7 Мұқанов С. Жарық жұлдыз: Монография және ғылыми мақалалар. – Алматы: Санат. – 1995. – 272 б.
- 8 Ыбырай Алтынсарин тағлымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. Алматы: Жазушы. – 1991. – 384 б.
- 9 Ергөбек Қ. Келбет (Сәбит Мұқанов тағдыры). – Нұр-Сұлтан: Фолиант. – 2020. – 624 б.
- 10 Ильминский Н. И.А. Алтынсарин туралы естеліктер. – Қазан – 1891. – 396 с.
- 11 Қартабаева А.Т. Ыбырай тағылымы және бүгінгі ыбырайтанудың қайсыбір мәселесі. // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №5-6 (121-122). – 2009. – 251 б.
- 12 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Ғылым. – 1995. – 384 б.
- 13 С. Мұқанов мемориалдық-музей үйі. Қолжазба қоры. – 4 б.
- 14 Bennet A., RoyleN. An Introduction to Literature, Criticism and Theory. – London: Routledge, 2023. – 524 p.
- 15 Cuddon J. A dictionary of literary terms and literary theory. – Oxford: Wiley-Blackwell, 2013. – 784 p.

Материал 02.10.2023 баспаға түсті

С. Муканов о роли Ибрая Алтынсарина в истории казахской культуры

А.Б. Ерсайнова¹, С.Ж.Таласпаева², Ж.Т.Кошанова²

¹Казахский агротехнический исследовательский университет имени Сакена Сейфуллина, Астана, 010000, Республика, Казахстан

²Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева, Петропавловск, 150011, Республика Казахстан

Академик-писатель Сабит Муканов издал объемные монографические произведения о Шокане Уалиханове, Абае Кунанбаеве. на наш взгляд, несмотря на то, что великий просветитель не публиковал специальные труды о творчестве Ибрая Алтынсарина, о его месте в истории казахской культуры, он достаточно много рассуждал о нем в своем произведении «Яркие звезды» (1964). Автор рассматривал современное идейное мышление XIX века как целостную систему. Такая позиция впервые раскрывается в его знаменитой статье «Қара тақтаға жазылып қалмаңдар, шешендер!»

Автор показал себя первым исследователем, заметившим созвучные параллели в творчестве Ибрая и Абая. В статье дан анализ точки зрения оппонента на кандидатскую диссертацию «Произведения Ибрая Алтынсарина» писателя К. Т. Жумагулова, написанной в фонде мемориального музея-усадьбы Сабита. Выявлена оценка произведений Ибрая Алтынсарина Сабитом Мукановым. Одновременно с этим были обобщены мнения ученых, которые говорили об Ибрае Алтынсарине.

В ходе написания статьи за основу нами были взяты традиционные методы научного анализа и обобщения выводов, хронологического, комплексного, индивидуального анализа.

Материалы статьи можно также использовать в качестве вспомогательного учебного материала при подготовке к лекциям и практическим занятиям в вузах по

следующим дисциплинам: «Казахская литература XIX века», «Ыбыраеведение», «Абаеведение», «Литературная критика».

Ключевые слова: советская литература, общая точка зрения, первый исследователь, история казахской культуры, письмо, учитель нации, великий просветитель, национальная литература.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Токаев К. Независимость дороже всего. // Egemen Qazaqstan: общенациональная республиканская газета. – Нур-Султан. – 2021. № 2. (5 января). – с. 1-4.
- 2 Негимов С. Великий учитель нации. // Egemen Qazaqstan: общенациональная республиканская газета. – Нур-Султан. – 2021. № 74 (19 апреля). – 11 с.
- 3 Муканов С. Очерки истории казахской литературы XVIII-XIX веков. – Алматы: Арыс. – 2002. – 272 с.
- 4 Бережнова Е.В., Шапошникова Н.Ю. «Хороший наставник: грани профессиональной подготовка» // материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 180-летию И. Алтынсарина «Непрерывное образование Республики Казахстан в условиях современного контекста современной системы образования». Книга I. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова. – 2021. –726 с.
- 5 Daurenbekova L.N., Imanberdiyeva S. K., Dautova B. D., Rainbekova G. S., Toktymanova G. M.. Translation and interpretation of Abay's political – social Lyrics into Turkic languages // Opcción, Año 36, Especial. – 2020. No.26. URL.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6503884049 (просмотрено: 03.03.23).
- 6 Муканов С. Яркие звезды. – Алматы: Школа. – 1964. – 352 с.
- 7 Муканов С. Яркая звезда: Монография и научные статьи. – Алматы: Категория. – 1995. – 272 с.
- 8 Наставление Ибрая Алтынсарина: литературно-критические статьи и исследования. Алматы: Писатель. – 1991. – 384 с.
- 9 Ергобек К. Келбет (судьба Сабита Муканова). – Нур-Султан: Фолиант. – 2020. – 624 с.
- 10 Н. Ильминский. Воспоминания об И.А. Алтынсарине. – Казань. – 1891. – 396 с.
- 11 Картабаева А. Т. Наставление Ибрая и некоторые проблемы современного ибраеведение. // Вестник казну. Филологическая серия, №5-6 (121-122). - 2009. - 251 С.
- 12 Алтынсарин И. Избранные произведения. – Алматы: Наука. – 1995. – 384 с.
- 13 Мемориально-музейный дом С. Муканова. Рукописный фонд. – 4 с.
- 14 Bennet A., Royle N. An Introduction to Literature, Criticism and Theory. – London: Routledge, 2023. – 524 p.
- 15 Cuddon J. A dictionary of literary terms and literary theory. – Oxford: Wiley Blackwell, 2013. –784 p.

Материал поступил в редакцию журнала 02.10.2023

S. Mukanov on the role of Ibray Altynsarin in the history of kazakh culture

A.B. Yersainova¹, Zh.S. Talaspayeva², Zh.T. Koshanova²

¹Kazakh Agrotechnical Research University named after Saken Seifullin, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

²M. Kozybayev North Kazakhstan University, Petropavlovsk, 150011, Republic of Kazakhstan

Kazakh figures like Shokan Ualikhanov and Abay Kunanbayev in his comprehensive monographs. Although Mukanov didn't specifically focus on Ibray Altynsarin, an important figure in Kazakh culture, he discussed Altynsarin in his well-known work "Bright Stars" (1964). In this work, Mukanov portrayed the ideological landscape of the 19th century as a unified system and highlighted similarities between Altynsarin's and Abay's works for the first time. This article critically examines

Altynsarin's works as presented in K. T. Zhmagulov's thesis "The Works of Ibray Altynsarin," archived in the Sabit Memorial Museum-estate. Additionally, it evaluates Mukanov's evaluation of Altynsarin's work and gathers insights from other scholars who have discussed Altynsarin's legacy.

Using traditional methods of analysis like chronological and comprehensive approaches, this article explores Altynsarin's literary contributions and his importance within Kazakh culture. The findings provide valuable insights into the scholarly discussion surrounding Altynsarin's works and their relevance in Kazakh literature and cultural development.

Furthermore, the materials presented in this article are useful educational resources for university courses like "Kazakh Literature of the 19th Century," "Ibray Studies," "Abay Studies," and "Literary Criticism," offering students nuanced perspectives on key literary figures and critical approaches.

Key words: soviet literature, general point of view, the first researcher, history of Kazakh culture, letter, teacher of the nation, great educator, national literature.

REFERENCES

- 1 Toqaeв Q., *Täuelsızdıк bärinen qymbat* [Independence is more precious than anything]. // Egemen Qazaqstan: jalpyültyq respublikalyq gazet. (Nür-Sültan, 2021. № 2). (In Kazakh)
- 2 Negimov S., *Ültyñ üly ұstazy* [The Great Teacher of the nation] // Egemen Qazaqstan: jalpyültyq respublikalyq gazet. (Nür-Sültan, 2021. № 74 (19 säur). (In Kazakh)
- 3 Mūqanov S., *Qazaqtyñ XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер* [Essays on the history of Kazakh literature of the XVIII-XIX centuries]. (Almaty: Arys, 2002)..
- 4 Berejnova E. V., Şapoşnikova N. İu. «Horoşi nastavnik: grani profesionälnoi podgotovki» ["A good mentor: the facets of professional training"] // «Qazırғы bilim beru jüiesinñ zamanauı konteksi jaǵdaiynda Qazaqstan Respublikasynyñ üzdiksiz bilim beruı» Y. Altynsarinnıñ 180 jyldyǵyna arnalǵan Halyqaralyq ǵylymi-täjiribelik konferensia materialdary. I Kitap. (Qostanai: A. Baitürsynov atyndaǵy Qostanai öñirlik universiteti, 2021). (In Russian)
- 5 Daurenbekova L. N., Imanberdiyeva S. K., Dautova B. D., Rainbekova G. S., Toktymanova G. M.. Translation and interpretation of Abay's political – social Lurics into Turkic languages // Opción, Año 36, Especial. – 2020. No.26. URL.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6503884049 (qaraldy: 03.03.23). [in English]
- 6 Mūqanov S., *Jarqyn jüldyzdar* [Bright stars]. (Almaty: Mektep, 1964). (In Kazakh)
- 7 Mūqanov S., *Jaryq jüldyz: Monografia jäne ǵylymi maqalalar* [Bright star: Monographia zhnenegyru articles]. (Almaty: Sanat, 1995). (In Kazakh)
- 8 *Ybyrai Altynsarin taǵlymy: Ädebi-syn maqalalar men zertteuler* [Ybyrai Altynsarin: literary and critical articles and research]. (Almaty: Jazuşy, 1991). (In Kazakh)
- 9 Ergöbek Q., *Kelbet (Säbit Mūqanov taǵdyry)* [Appearance (the fate of Sabita Mukanova)]. (Nür-Sültan: Foliant, 2020). (In Kazakh)
- 10 İlminski. N., *Vospominania ob İ.A. Altynsarine* [Memories of I.A. Altynsarin]. (Kazän, 1891). (In Russian)
- 11 Qartabaeva A. T., *Ybyrai taǵlymy jäne bügingi ybyraitanudyñ qaisybir mäselesı* [The Instruction of Ibrai and some problems of modern Ibraiology] // QazÜU habarşysy. Filologia seriasy, №5-6 (121-122), 2009. (In Kazakh)
- 12 Altynsarin Y., *Tañdamaly syǵarmalar* [Selected works]. (Almaty: Ǵylym, 1995). – 384 b. (In Kazakh)
- 13 *S. Mūqanov memorialdyq-muzei üiü* [S. Mukanov Memorial Museum House]. Qoljazba qory. (In Kazakh)
- 14 Bennet A., Royle N. An Introduction to Literature, Criticism and Theory. London: Routledge, 2023). [in English]
- 15 Cuddon J. A dictionary of literary terms and literary theory. (Oxford: Wiley-Blackwell, 2013). [in English]

Received: 02.10.20232023